

"Дербестендірілген белгілердің, омырауға тағатын белгілердің және өзге де әскери-геральдикалық белгілердің, әскери оқу орындарын бітіргені туралы, сыныпты мамандарға арналған белгілердің, әскери-қолданбалы, қызметтік-қолданбалы, техникалық және басқа да спорттық іс-шаралардың жүлдегерлеріне арналған наградалық медальдардың (белгілердің) сипаттамасын, сондай-ақ оларды беру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің тағып жүру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 461 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 348 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Дербестендірілген белгілердің, омырауға тағатын белгілердің және өзге де әскери-геральдикалық белгілердің, әскери оқу орындарын бітіргені туралы, сыныпты мамандарға арналған белгілердің, әскери-қолданбалы, қызметтік-қолданбалы, техникалық және басқа да спорттық іс-шаралардың жүлдегерлеріне арналған наградалық медальдардың (белгілердің) сипаттамасын, сондай-ақ оларды беру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің тағып жүру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 461 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15755 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дербестендірілген белгілердің, омырауға тағатын белгілердің және өзге де әскери-геральдикалық белгілердің, әскери оқу орындарын бітіргені туралы, сыныпты мамандарға арналған белгілердің, әскери-қолданбалы, қызметтік-қолданбалы, техникалық және басқа да спорттық іс-шаралардың жүлдегерлеріне арналған наградалық медальдардың (белгілердің) сипаттамасында, сондай-ақ оларды беру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің тағып жүру тәртібінде:

9-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық Қаһарманы армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмамбетов" кубогы кейіннен алтынды имитациялайтын (алтын, алтын түстес) қорғаныш жабын жағылып қоладан құйылып жасалады. Қалқандағы "АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ ҚОЖАХМЕТҰЛЫ НҰРМАҒАМБЕТОВ" деген жазулар мен "МИНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК" деген ұран жез пластинадан қалыптау жолымен жасалады, негізі – жылтыр,

бедері – күнгірт. Кубок тұғырының төменгі бөлігінде наградталушиның деректерін енгізуге арналған тақтайша жапсырылған. Кубоктың тұғыры қара көк түсті тастан жасалады. Негізінен биіктігі 300 мм құрайды. Ені – 115 мм.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қазақстан Республикасының тұнғыш Қорғаныс министрі "Халық Қаһарманы армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмамбетов" төсбелгісі (бұдан әрі – тұнғыш Қорғаныс министрінің төсбелгісі) қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, шығармашылық белсенділігі, мінсіз қызметі және қызметтік істегі басқа да жетістіктері үшін әскери қызметшілердің еңбегін ынталандыру мақсатында офицер құрамын наградтаудың ерекше түрі болып табылады.

Тұнғыш Қорғаныс министрінің төсбелгісімен наградтау үшін кандидаттарды іріктеуді оқу жылындағы қызметтік іс қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштері Бас штабы құрылымдық бөлімшелері басшыларының, әскер түрлері бас қолбасшыларының, өңірлік қолбасшылықтар әскерлері (әскер тектері) қолбасшыларының, бас басқармалар бастықтарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Жауынгерлік даярлық департаменті жүргізеді, содан кейін іріктеуден өткен кандидатура Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне бекітуге енгізіледі.

Тұнғыш Қорғаныс министрінің төсбелгісімен оқу жылының қорытындысы бойынша жауынгерлік даярлықта, бөлімшеде әскери тәртіпті, қатаң жарғылық тәртіпті және әскердің жоғары жауынгерлік әзірлігін ұстауда қол жеткізген жетістігі (оқудағы және ғылыми жұмыстағы жетістігі) үшін бригада (полк, база) командирі және одан жоғары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері наградталады. Төсбелгімен наградтау туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бұйрығы шығарылады. Белгімен қайта наградтау жүргізілмейді.

Тұнғыш Қорғаныс министрінің төсбелгісін табыс ету салтанатты жағдайда жүргізіледі және наградталғанға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі алқасының отырысында Қорғаныс министрі өзі немесе оның тапсырмасы бойынша басқа лауазымды адам табыс етеді.

Белгі бұрандалы түйменің көмегімен бекітіледі. Наградталғанға төсбелгіні табыс етумен бір уақытта Қазақстан Республикасының тұнғыш Қорғаныс министрі "Халық Қаһарманы армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмамбетов" кубогы беріледі.".

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

33059 болып тіркелген) қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мұдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник*

P. Жақсылықов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК